

Армения Республикасында Кеден одағының техникалық регламенттерін қолданысқа енгізу тәртібіне өзгерістер енгізу туралы

Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2016 жылғы 26 шілдедегі № 87 шешімі

Армения Республикасының 2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартқа қосылуы туралы 2014 жылғы 10 қазандағы шарттың № 3 қосымшасының 49-тармағына, 2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шарттың 52-бабының 2-тармағына және Жоғары Еуразиялық экономикалық кеңестің 2014 жылғы 23 желтоқсандағы шешімімен бекітілген Еуразиялық экономикалық комиссияның Жұмыс регламентіне № 2 қосымшаның 11-тармағына сәйкес, Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасы **шешті**:

1. Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2015 жылғы 14 сәуірдегі № 28 шешімімен бекітілген Армения Республикасында Кеден одағының техникалық регламенттерін қолданысқа енгізу тәртібінің IV бөлімінің екінші абзацында "2010 жылғы 2 қаңтарға дейін" деген сөздер "2020 жылғы 2 қаңтарға дейін" деген сөздермен ауыстырылсын.

2. Осы Шешім ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік 30 күн өткен соң күшіне енеді.

*Еуразиялық экономикалық комиссия
Алқасы Төрағасының міндетін
уақытша атқарушы*

К. Минасян